# Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Еңбекшілдер ауданы шекарасындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығы және бірыңғай жер салығы мөлшерлемесін жоғарылату туралы

***Күшін жойған***

Ақмола облысы Еңбекшілдер аудандық мәслихатының 2016 жылғы 28 сәуірдегі № С-2/5 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 2 маусымында № 5404 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 2018 жылғы 29 наурыздағы № С-22/5 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Ақмола облысы Біржан сал ауданы мәслихатының 29.03.2018 № С-22/5 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) шешімімен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық кодексі)" Кодексінің 386, 444 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6 бабына сәйкес Еңбекшілдер аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ЕТТІ**:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Еңбекшілдер ауданы шекарасындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының мөлшерлемесі он есе жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес Еңбекшілдер ауданы шекарасындағы пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемесі он есе жоғарылатылсын.

3. Осы шешім Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күшіне енеді және ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

| | |
|---|---|
| *Аудандық мәслихат сессиясының төрайымы* | *Г.Куртәбиева* |
| *Аудандық мәслихаттың хатшысы* | *С.Шәуенов* |

"КЕЛІСІЛДІ"

| | |
|---|---|
| *Еңбекшілдер ауданының әкімі* | *А.Қиықов* |

"28" сәуір 2016 жыл

*"Ақмола облысы бойынша*

*мемлекеттік кірістер департаментінің Еңбекшілдер ауданы бойынша мемлекеттік кірістер басқармасы" республикалық мемлекеттік мекемесінің басшысы*

*Ж.Тубеков*

"28" сәуір 2016 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК